

Жаз мезгілінің күндізгі және кешкі уақытында Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойынша автокөлік құралдарының қозғалысын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2007 жылғы 7 наурыздағы N 59 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 12 наурыздағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4568 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 211 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2012.04.27 № 211 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына сәйкес, автомобиль жолдарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жаз мезгілінде көтергіштік қабілетін жоғалтуына байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында мынадай:

1) халықаралық келісімдерге сәйкес жүктердің және жолаушылардың халықаралық тасымалдарын жүзеге асыратын;

2) **алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2008.02.18. N 56 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

3) төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларға т а р т ы л ғ а н ;

4) тез бұзылатын тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын;

5) жолаушылар мен багаж тасымалын жүзеге асыратын;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қауіпті, бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерін тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың автокөлік құралдарын қоспағанда, дара білікке түсетін жүктемесі 8 тоннадан артық автокөлік құралдарының қозғалысына осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес, ауаның температурасы 25⁰ С жоғары болған жағдайда, күндізгі және кешкі сағат 10-00-ден 22-00-ге дейінгі уақытта осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес шектеулер

е н г і з і л с і н ;

7) Қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу үшін мердігер ұйымдарға берілген учаскелердегі қолданыстағы жамылғы бойынша жол-құрылыс жұмыстарына т а р т ы л ғ а н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2008.02.18. N 56 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.04.07 N 174 Бұйрықтарымен.

2. Қозғалысты уақытша шектеулердің жыл сайынғы қолданылу мерзімі IV жол-климаттық аумаққа - тиісті жылдың 1 маусымынан бастап 31 тамызды қоса алғандағы, V жол-климаттық аумаққа - тиісті жылдың 15 мамырынан бастап 15 қыркүйекті қоса алғандағы осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес кезеңге б е л г і л е н с і н .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2008.02.18. N 56 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3. Көлік және коммуникация министрінің Автомобиль жолдары комитеті:

1) Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын пайдаланушылардың назарына жаз мезгілінің күндізгі уақытында Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдары қозғалысының ұйымдастырылғандығы туралы хабарлауды, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізуді;

2) жолдарға енгізілетін шектеулерге сәйкес уақытша жол белгілерін орнатуды ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2008.02.18. N 56 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Көлік және коммуникация министрінің Көліктік бақылау комитеті белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойынша автокөлік құралдарын өткізуге бақылау жасалуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2008.02.18. N 56 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Д.Қ. Көтербековке жүктелсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Көлік және

коммуникация министрінің 2008.02.18. N 56 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

6. Осы бұйрық оны ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі

2007 жылғы 11 наурыз
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

2007 жылғы 11 наурыз

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникация министрінің
2007 жылғы 7 наурыздағы

N 59 бұйрығына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2010.04.07 N 174 Бұйрығымен.

Жаз мезгілінің күндізгі және кешкі уақытында автокөлік құралдарының білігіне түсетін жүктемелерге шектеулер енгізілетін Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі

P/cN	Авто-жол-дардың индексі	Жолдардың атауы	Жалпы ұзақтығы, км	Учас-кенің басы, км	Учас-кенің соңы, км
1	2	3	4	5	6
1	М - 32	РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы	2065	195	2260
2	М - 36	РФ шекарасы (Екатеринбургқа) - Алматы, Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы	1675	374 963	544 2468
3	М - 38	РФ шекарасы (Омбыға) - Майқапшағай (ҚХР-ға шығу), Павлодар, Семей қалалары арқылы	1099	191	1321
4	М - 51	РФ шекарасы (Челябіге) - РФ шекарасы (Новосибирге) Петропавл, Омбы қалалары арқылы	190	465	655

5	A - 1	Астана - Петропавл, Көкшетау қаласы арқылы	452	6	473
6	A - 2	Алматы -Тараз - Шымкент - Өзб. Респ. шекарасы (Ташкентке), Қырғызстан шекарасына кіребе. рістерімен	792	14	806
		Алматы-Қорғас, Көкпек, Көктал, арқылы	351	9	360
7	A - 3	Алматы - Өскемен	1036	13	1079
8	A - 5	Ақсай-Шонжы-Көлжат-ҚХР шекарасы	153	0	153
9	A - 7	Үшарал-Достық	184	0	184
10	A - 8	Таскескен - Бақты (ҚХР шек.)	187	0	187
11	A - 11	Семей - РФ шекарасы (Барнауылға)	111	2	113
12	A - 13	Көкшетау - Кішкенекөл - Бидайық - РФ шекарасы (Омбы қаласына)	278	2	280
13	A - 14	Тараз - Үтмек - Қырғызстан шекарасы	14	0	14
14	A - 15	"Жизақ-Гагарин-Жетісай-Киров-Қызыләскер-Сарыағаш-Абай-Жібек жолы" Сарыағаш санаторіне, Атакент ауылы мен Өзб.Респ. шекарасына (Сырдарияға, Гүлстанға және Чиназға) кіреберістерімен	221	74	220
15	A - 16	Жезқазған-Петропавл, Арқалық қаласы арқылы	417	536	953
16	A - 17	Қызылорда-Павлодар	1115	420	1383
		Павлодар-Успенка-РФ шекарасы		0	152
17	A - 22	Қарабұтақ-Комсомольское-Денисов ка-Рудный-Қостанай	541	0	547
18	A - 24	Ақтөбе-Мәртөк-РФ шекарасы (Орынбор қаласына)	102	0	102
19	A - 25	Ақтөбе - РФ шек. (Орск қаласына)	127	0	127
20	A - 27	Ақтөбе - Атырау- РФ шекарасы (Астрахань қаласына)	871	11	893
21	A - 28	Орал - Атырау	487	5	492
22	A - 29	Орал -Каменка-РФ шекарасы (Озинки қаласына)	100	4	104
23	A - 30	Подстепное - Федоровка- РФ шекарасы	144	0	144
24	A - 33	Доссор - Құлсары - Бейнеу - Сай-Өтес - Шетпе - Жетібай - Ақтау порты	798	0	798
25	P - 4	Астана - Ерейментау - Шідерті	243	9	252
26	P - 12	Жақсы-Есіл - Бұзылық	82	0	82
27	P - 17	Қапшағай-Күрті	67	0	67

28	P - 19	Сарыөзек-Көктал		192	0	178
29	P - 23	Өскемен - Семей		195	0	198
30	P - 26	Қалқаман-Баянауыл-Үміткер-Ульяновский		324	0	324
31	P - 28	Мерке-Бурылбайтал		273	0	273
32	P - 29	Шу-Благовещенка		56	0	56
33	P - 30	Кентау-Түркістан-Арыстанбаб-Шәуілдір-Төрткөл		145	0	151
34	P - 35	Қостанай-Әулікөл-Сұрған		257	3	260
35	P - 37	"Қостанай - Жақсы" а/ж "Қостанай-Қарабұтақ" а/ж	-	6	0	6
36	P - 38	"Қостанай-Қарабұтақ" а/ж "Екатеринбург-Алматы" а/ж	-	21	0	21
		Жиыны		15371		

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің
2007 жылғы 7 наурыздағы

№ 59 бұйрығына 2-қосымша

Қозғалысты уақытша шектеу кезеңінде Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойынша жүруге рұқсат етілген автокөлік құралдарының білік салмағы қосындыларының ең үлкен жиынтығы

Дара біліктің жүктемесі, тонна	Білік арасындағы арақашықтық, м	Тіркемелер және жартылай тіркемелердің білік салмағының ең үлкен жиынтығы, тонна			
		қосалқы білік		үштік білік	
		Екі қатарлы доңғалақтар	Бір қатарлы доңғалақтар	Екі қатарлы доңғалақтар	Бір қатарлы доңғалақтар
10	1,0 дейін	12,5	12,0	17,5	16,5
	1,0-1,3	15,0	14,0	21,0	19,5
	1,3-1,8	16,5	16,0	24,0	22,5
	1,8-2,5	18,0	17,5	26,5	24,5
8	1,0 дейін	10,0	9,6	14,0	13,2
	1,0-1,3	12,0	11,2	16,8	15,6
	1,3-1,8	13,2	12,8	19,2	18,0
	1,8-2,5	14,4	14,0	21,2	19,6

кестенің жалғасы

Жүк автомобильдерінің білік салмағының ең үлкен жиынтығы, тонна
Қосалқы білік

Екі қатарлы доңғалақтар	Бір қатарлы доңғалақтар
12,0	11,0
14,0	13,0
16,0	15,0
18,0	17,0
9,6	8,8
11,2	10,4
12,8	12,0
14,4	13,6

Ескерту: автокөлік құралдарының рұқсат етілген жалпы салмағы көлік құралдарының білік жүктемесін жинақтау арқылы осы бұйрықпен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2007 жылғы 7 мамырдағы
N 59 бұйрығына
3-қосымша

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2008.02.18. N 56 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

IV жол-климаттық аумақта орналасқан облыстар тізбесі

1. Ақмола облысы
2. Ақтөбе облысы
3. Шығыс Қазақстан облысы
4. Батыс Қазақстан облысы
5. Қарағанды облысы (Қарағанды өңірі)
6. Қостанай облысы
7. Павлодар облысы
8. Солтүстік Қазақстан облысы

V жол-климаттық аумақта орналасқан облыстар тізбесі

- 1 . А л м а т ы о б л ы с ы
 - 2 . А т ы р а у о б л ы с ы
 - 3 . Ж а м б ы л о б л ы с ы
 4. Қарағанды облысы (Жезқазған өңірі)
 - 5 . Қ ы з ы л о р д а о б л ы с ы
 - 6 . М а ң ғ ы с т а у о б л ы с ы
7. Оңтүстік Қазақстан облысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК